



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Список использованных источников

- 1 В.Т.Батычко Международное право. Конспект лекций. Таганрог: ТТИ ЮФУ, 2011./ <http://www.aup.ru/books/m232/>
- 2 <http://www.pavlodar.com/zakon/?dok=03606&ogl=all>
- 3 <http://easa.europa.eu/the-agency>
- 4 http://www.arabianaerospace.aero/hurkus-achieves-design-certification-for-tai.html?utm_source=googleNews&utm_medium=organic&utm_campaign=news_feed
- 5 REGULATION (EC) No 216/2008 OF THE EUROPEAN PARLIAMENT AND OF THE COUNCIL of 20 February 2008 on common rules in the field of civil aviation and establishing a European Aviation Safety Agency, and repealing Council Directive 91/670/EEC, Regulation (EC) No 1592/2002 and Directive 2004/36/EC
- 6 <http://www.eurocontrol.int/about-eurocontrol>
- 7 <http://www.eurocontrol.int/dossiers/fabs>
- 8 http://ec.europa.eu/transport/modes/air/single_european_sky/

ӘОЖ 341.24[69:347.91]

ФИДИК ШАРТТАРЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС ДАУЛАРЫН РЕТТЕУ

Баймұрат Сағидолла Мүтиғоллаұлы

sagidolla.baimurat@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 2-курс магистранты, Астана
Ғылыми жетекші – Ш.В.Тлепина

Қазақстан Республикасы халықаралық инвестициялық қатынастарға белсене араласқан кезде құрылыс саласы шет қалған жоқ. Бүгінгі таңда зор көлемді, экономикалық маңызы бар құрылыс жобалары Халықаралық даму және қайта құру банкерімен қаржыландырылып келеді. Мысал ретінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жол магистралін атауға болады. Бұл қаржылардың мақсатты түрде жұмсалуды үшін қарыз алушы мемлекет ФИДИК шарттары бойынша сол қаражатты жаратуға міндетті болып табылады.

ФИДИК бойынша қазақ тіліндегі ақпараттың жоқ екенін ескере отырып, ФИДИК контрактілері бойынша халықаралық құрылыстық дауларды шешудің ерекшеліктеріне тоқталмастан бұрын ФИДИК туралы қысқаша мағлұмат беру міндет болатын шығар.

1913 жылы халықаралық инвестициялық құрылыс жобаларының кең ауқым ала бастаған кезінде бірқатар беделді және білікті инженер-консультанттар әлемдік федерация құруға бел байлаған болатын. Франция, Бельгия және Швейцария елдері өкілдерінің кездесуі барысында Инженер-консультанттардың Халықаралық Федерациясы немесе ФИДИК құрылды. Қысқартылған ФИДИК аббревиатурасы француз тіліндегі атауынан алынған – Fédération Internationale Des Ingénieurs-Conseils [1].

Өз бастауында ФИДИК инженер-консультанттардың жұмысы үшін бірыңғай халықаралық методологиялық базаларды жасаумен айналысса, бүгінгі таңдағы негізгі жұмысы халықаралық инвестициялық-құрылыстық қатынастардың қатысушыларына контрактілердің үлгілік шарттарын жасаумен айналысады. Алғашқы контрактілердің үлгілері Дүниежүзілік банктің сұранысымен жасалған болатын [2].

Құрылыстық-құқықтық қатынастар өздерінің ерекшеліктеріне ие екендігі сөзсіз. Сонымен қоса, құрылыс жүргізу барысында майда, уақ, егжей-тегжейлік пен мұқияттылықты қажет ететін нарселердің көптігі соншалық, олардан туындайтын даулар да өз ерекшеліктеріне ие. Осыған орай, Дүниежүзілік банктің сұранысымен дайындалған ФИДИК контрактілерінің шарттары немесе ФИДИК шарттары, құрылыс дауларын шешудегі өз ретін орнықтырған.

ФИДИК үлгілік контрактілерінің бірнеше түрлері бар және олар уақыт өткен сайын жаңартылып отырады. Негізгі түрлері 1999 жылы қабылданды:

1. ФИДИК құрылыс контрактісінің шарттары (Қызыл кітап);
 2. ФИДИК жабдықтау, жобалау және құрылыс контрактісінің шарттары (Сары кітап немесе Алтын (Golden) кітап);
 3. ФИДИК инжиниринг, прокьюримент, құрылыс шарттары, сондай-ақ «turnkey» немесе «под ключ» орындалатын жобаларына арналған (Сұр кітап);
 4. ФИДИК контрактісінің қысқаша нысаны (Жасыл кітап);
 5. ФИДИК тапсырыс беруші және консультант арасындағы контрактісі (Ақ кітап)
- [3].

Осылардың ішіндегі ең алғашқысы және маңыздысы Қызыл кітап болып отыр. Дәл осы Қызыл кітапты Көпжақты даму банктері қарыз беру кезінде мемлекеттерді қолдануға міндеттейді. Қазақстанда кеңінен қолданылып келе жатқан бірден-бір үлгілік контракті де осы Қызыл кітап.

Қызыл кітап Көпжақты даму банкімен гармонизацияланған үлгілік ФИДИК құрылыс контрактісінің шарттары болып табылады. Бұл шарттар тапсырыс беруші мен орындауша арасындағы дауларды шешудің өзіндік механизмін қарастырады және олбірнеше сатыдан тұрады.

Алғашқы сатыларының бірі болып инженердің дауды қарауы болып табылады. Орындаушы өзінің құқықтары бұзылған кезден, немесе дауды реттеу жолымен талап етуге мүмкін болатын талаптары пайда болатын кезден бастап 28 күн ішінде инженерге өз талап-хабарламасын (notice of claim) табыс етеді. Инженер өз алдына, жалпы шарттарда көзделген тәртіп бойынша өз шешімін қабылдайды [4, 65-66 б.].

Егер де талаптар тапсырыс берушіде пайда болса, тапсырыс беруші талаптарын инженерге жолдап, инженер шешім қабылдағаннан кейін орындаушыға жібереді [4, 10 б.]. Бұл орайда инженер дауды консенсуспен шешуге тырысатынын ескеруіміз қажет. Ондай жолмен дауды шешуге қол жетпегенде ғана инженер өздігімен шешім шығарады [5]. Сонымен қатар, қаратырылып отырған 28 күндік мерзім сақталмаса, талаптарды даулау мүмкін еместігін ескеру қажет.

Жалпы, инженер тапсырыс беруші тарабының жалдамалы жұмыскері болғанынан кейін орындаушының көп уақытта бұл шешімге күмәндікпен қарауы орынды құбылыс. Алайда, бұндай шешім шығарудың жағымды жақтары да бар. Бір жағынан, инженер тапсырыс берушінің емес, халықаралық банктің мүддесін білдіруші болып табылады. Себебі, тапсырыс беруші мемлекет қарызға қаражат алған кезде инженерді жалға алуға банк алдында міндеттенеді. Яғни, инженерді жұмысқа араластыру банк бастамасы. Бұл орайда, инженер құрылыс жұмыстарына қатысу барысында құрылысқа қажетті құрылыс материалдарын сатып алуды қадағалап тапсырыс берушімен бірге орындаушымен берілген баға ұсыныстарын бекіте алады. Яғни, инженер қаражаттың тиімді жұмсалыуына өз септігін тигізеді.

Екінші жағынан, оның қабылдаған шешімі дауды реттеудің сатыларында негізгі құжат болып табылады. Ондай құжатсыз дауды одан әрі реттеу мүмкін емес. Инженер құрылыс саласындағы білікті маман болғаннан кейін, оның шешімдері тек қана құқықтық тұрғыдан емес, құрылыс саласындағы нюанстарды ескере отырып шығарылады.

1999 жылға дейінгі ФИДИК шарттарында инженердің шешімі соңғы, әрі міндетті болып анықталған болатын. Оның шешімі тек қана халықаралық арбитраж арқылы даулана алатын [6]. Орындаушы инженер шешіміне күмәндана қарағандықтан дау инженердің шешімімен тоқтай қойған жоқ. Істің соңы көбінесе халықаралық коммерциялық арбитраждық талқылаудан соң көріне бастаған.

Арбитраждық талқылаудың қымбаттылығы мен ұзақ мерзімділігі ФИДИК шарттарында арбитражға дейінгі альтернативті дауды реттеу механизмдерін қарастыруға мәжбүрледі. Сол себептен, қазіргі Қызыл кітапта инженер шешімі тараптармен қабылданбаса, олардың даулар кеңесіне (бұдан әрі - ДК) жүгінуі қарастырылған. «Батыс

Еуропа – Батыс Қытай» құрылыс жобасы Қызыл кітаптың 1999 және 2006 жылдардағы үлгілерімен жүзеге асырылғандықтан, дауларды реттеудің бұл институты Дауларды реттеу кеңесі (немесе Dispute adjudication board) деп аталады [7]. Қазіргі таңда Қызыл кітап 2010 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен жаңартылған. 1999 жылғы үлгісі болса Халықаралық даму банкілерімен қаржыландырылатын жобаларға бұдан әрі қолданылмайды [8].

2010 жылғы өзгерістермен берілген Қызыл кітаптың 20.4 тармағына сәйкес, кез келген тарап контрактіні орындауға немесе құрылыс объектісіне қатысты кез келген дауды шешу үшін осы дауды ДК-не қарауға береді. Сонымен қатар, 20.2 тармағымен кез келген дау ДК-нде қарауға жатады деп анықталған [4, 67 б.]. Бұл саты тараптар үшін міндетті. ДК-не жүгінбей арбиражда дауды талқылау мүмкін емес.

ДК-і дауды қарау аралық соттағы дауды талқылауға ұқсайды. Дегенмен, бұл саты өзінің міндетті және өзгеруге жатпайтын мерзімдерін қамтиды. Бұл орайда ескеретін нәрсе бар. Инженердің шешімі мен ДК-іне жүгіну арасындағы процессуалдық мерзім анықталмаған. Инженердің шешімін бір тарап орындамай жүре бере алады. Соған байланысты, қарсы тарап инженер шешіміне заңды күш беру үшін ДК-не жүгінуге міндетті болады. Сонымен қатар, инженер анықталған уақыт мерзімінде шешім шығара алмайтын болса, тараптар ДК-іне жүгіне алады.

Даулар кеңесінің дауды қарау мерзімі 84 күн. Егер де ДК-інің шешімі бейбіт келісімімен немесе арбитраждық талқылаумен басқаша шешілмейтін болса, ДК-інің шешімі тараптар үшін міндетті және заңды деп танылады. ДК-інің шешімін арбитражда талқыға салу үшін мүдделі тарап 28 күн ішінде екінші тарапқа ДК-нің шешімімен келіспеуі туралы хабарлама (Notice of Dissatisfaction) жіберуі тиіс. Ондай хабарлама жіберілмесе ДК-інің шешімі күшіне енеді [4, 68.].

Жалпы, ДК құрылыс дауларын реттеудегі аса маңызды институт болып табылады. Біріншіден, оған кеткен шығын арбитраждық талқылауға жұмсалған шығынан әлдеқайда аз болады. Екіншіден, ДК-і әлдеқайда тез, себебі халықаралық арбитраждық талқылаулар жылдарға созылуы мүмкін. Тағы бір артықшылығы – халықаралық коммерциялық арбитраж ДК-інің шешімін қайта қарауды негізді деп тапса ғана басқа шешім шығаруы мүмкін.

Ондай прецедент 2008 жылы PT Perusahaan Gas Negara (Persero) TBK және мелекеттің меншігінде болған индонезиялық компания CRW Joint Operation арасында орын алды. Халықаралық арбитраж ДК-нің шешімін қарауға қажетті негіздер болмағандан кейін, ол шешімді сол қалпында қалдырды [9, 672-695 б.].

Яғни, ДК-нің шешіміндегі анықталған негіздер жеткіліксіз болса ғана халықаралық арбитраж өз шешімін шығарады. Олай болмаса, арбитраждық институт Нью-Йорктық конвенция арқылы ДК-інің шешіміне өз күшін береді. Бұл істерде барлығы да ДК-інің біліктілігіне және шешім шығарудың негізділігіне байланысты. Сондықтан ДК-інде істі қарау кезінде көпкөңіл бөлу керек. ДК-індегі жеңіс халықаралық арбитраждағы жеңіске міндетті түрде өз септігін тигізеді.

ДК-нен кейінгі сатыда бейбіт келісім (amicable settlement) сатысы тұр. Негізінде дауды бейбіт келісіммен кез келген сатыда шешуге болатыны сөзсіз. Алайда ФИДИК шарттары тараптарға «халықаралық арбитражға барардың алдында тағы бір ойланындар» дегендей бейбіт келісім механизмін ДК-інен кейін қойып отыр. Дегенмен, инженер де тараптардың бейбіт жолмен келісу мақсатын көздейді. Алайда, инженер өз шешімін шығарарда контракт шарттары мен қолданатын құқықтың шегінен шығып кете алмайды. Мысал ретінде, зор құрылысты объектілер бойынша тараптар арасында бір емес бірнеше дау пайда болады делік. Расында да, тәжірибедегі ондай үдеріс заңгерлерге құпия емес. Сол кезде, бір тарапқа өзінің біліп не білмей істеген құқық бұзушылықтары үшін, арбитраждық талқылауға шықпай, басқа даулардың «майдан шебі» бойынша артқа шегінуі әлдеқайда тиімдірек және пайдалы болар еді. Инженер болса ондай ұсынысты бере алмайды, себебі бұндай механизммен шешім шығаруға инженердің құзыреті де, қажетті құқықтық қор да жоқ.

Осындан шыға келе, ФИДИК шарттары amicable settlement немесе бейбіт келісім механизмін қарастырған. Қазіргі таңда, Қазақстанда бейбіт келісімге келуге тырысу келіссөздер жүргізуден алға баспайды. Әр тарап өзінің талаптарын өзгертпей келіссөздер үстеліне отырады. Дауды бейбіт жолмен шешудің ең қарапайым постулаты тараптардың өзара екі жақты талаптарынан шегіну екендігін есте шығармаған жөн.

Зор шығындар мен уақыттың жетіспеушілігіне байланысты бір тарап екінші тарапқа өз ұсыныстарын беретін кездер болады. Сол ұсыныстар бойынша бірінші тарап кейбір талаптарынан бас тартып, оның орнына екінші тараптан басқа бір талаптарынан бас тартуды сұрайды.

Екінші тарапқа бұл ұсыныс тиімді бола тұрса да, бірінші тараптың пайдасын есептеуге көшіп өзінің одан зор пайдаға кенелуін ойластырады. Сондай мәселеге душар болмас үшін тараптар маңдай алды басымдылықтарын алға тартып шегіну мүмкіндіктерін қарастыруы тиіс. Кез келген ғылым саласында да, жалпы өмірде де, тек бір қажеттіліктерден бас татқан кезде ғана басымды қажеттілікке қол жеткізуге болатыны хақ.

Елбасымыз «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде айтқан сөзі «толықтай қазақ тілінде неге сөйлемеске» деген кейбір ағайындардың сұрақтарына қатқан жауабы мемлекеттің қауіпсіздігі үшін басымды тұстарды анық көруден туындады. Оның жауабы Қазақстанның барлық халқын айтпағанда, тіпті, осы съезге келген халық арасында 25 ұлттың өкілі отыратынын, соған байланысты тек қана қазақша сөйлеймін, қалғандарын не істесендер де, соны істендер деген ұстаным істің насырға шабуына әкеліп соғатынын ескертті [10].

2010 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының он бесінші сессиясында Н.Ә.Назарбаев «Мен, сірә, екі тілде бірдей сөйлеуге тура келетін сирек Президенттердің бірі шығармын. Ал мен тек мемлекеттік тілде ғана сөйлейтін және бәрі мені түсінетін күнді армандаймын» деген болатын [11]. Қазақ мемлекетілігі үшін бұл алдыңғы қатарлы басымды бағыт. Дегенмен қажетсіз дауды туындатпау үшін бұл бағыттың ұстанған кезде бір шектен екінші шекке (из крайностей в крайность) өтудің қажеті жоқ. Тек қана қазақша сөйлеп басқаларды мойындамайтын ұлтшылдық сезімнен аз да болсын шегінгенде басымды бағытқа бет алуға көз жеткіземіз. Бұл мысалдың құқық саласына қатысы болмаса да, дауды алдын алудағы маңызы орасан зор.

Алайда, халықаралық инвестициялық қарым-қатынастар кезінде өздерінің шын мәніндегі ниеттерін айту тараптардың осал жақтары және құпияда сақтап жүрген ақпараттары туралы мәлімет беруі мүмкін. Басқаша айтқанда коммерциялық құпия ашылып қалуы мүмкін. Сол себептен де, ФИДИК шарттар бейбіт келісімге келу туралы норманы көздегенде, қандай дауды реттеу механизмін қолдануға болатыны туралы сұрақты ашық қалдырды. Бұл жерде халықаралық медиацияға жүгіну өте тиімді болар еді.

Қазіргі таңда, мемлекеттік органдар үшін халықаралық медиация қараңғыда қалған құбылыс. Оны қолдануды ешкім де жөн көрмейді және ең алғашқы сылтау «бұндай механизм контрактіде қарастырылмаған» деген тұжырым. Дегенмен де, ФИДИК шарттары халықаралық медиацияны қолдануға шектеу қоймайды [4, 68-69 б.].

Бүгінгі таңдағы халықаралық медиация нормаларының кодификацияланған түрлерінің бірі 2014 жылғы 1 қаңтарда қабылданған Халықаралық Коммерциялық Палатаның Медиация ережелері болып табылады. Бұл ережелер бойынша медиатор тараптармен жеке-жеке тілдесе алады. Дауды мүмкін болатын шешімдерін іздейді. Бірден бір артықшалағы - бір тараппен талқыланған сұрақтар екінші тарапқа жария етілмейді. Екі тараптың мұң-мұқтажын білгеннен кейін, олардың басымды бағыттары үшін қай талабынан бас тарта алатынын анықтай жүріп медиатор екі тарапқа да тиімді жолдарды ұсынады [12].

Сонымен қатар, Медиация ережелері анықталған уақыт мерзімдерін көрсетпейді. Ол тараптармен өзара анықталады. Медиация ережелерінің 2 бабы тараптардың алдын ала келісілген, яғни контрактісінде көрсетілген, тәртіп бойынша жүгіне алады. Ал 3-бабы болса, алады ала келісім жоқ, яғни контрактіде осы Медиацияға қатысты ешқандай келісімдер болмаса, реттеу тәртібін көздеген [13]. Қарап отырсақ Халықаралық Коммерциялық Палатаның Медиация ережелері өте икемді және тиімді.

Келесі бір негізгі, әрі маңызды артықшылықтарының бірі, ол – бекітілген әкімшілік шығындардың болуы. Ол талап даудың бағасына байланысты 5 мыңнан 30 мыңға дейін АҚШ доллары болуы мүмкін. Соның ішінде даудың бағасы 100 миллиард АҚШ долларынан асып жығылса ғана, әкімшілік шығындар 30 мың АҚШ долларынан аспайды. Медиаторға тиісті төлемақы Халықаралық Коммерциялық Палатаның Дауды шешудің альтернативті жолдары Халықаралық Орталығымен анықталады [13, 82 б.].

Осы орайда, халықаралық медиацияның халықаралық дауларды, соның ішінде халықаралық инвестициялық құрылыстық дауларды шешудегі өзіндік орны бар.

Соңғы әрі аса маңызды, дауды шешудің дербес буыны болып табылатын, ол – халықаралық коммерциялық арбитраж. ФИДИК шарттары бойынша жоғарыда аталған барлық механизмдер өздерінің қолданысында нәтиже бермеген соң тараптар халықаралық арбитражға жүгінеді.

Қазіргі кезді алатын болсақ, халықаралық арбитражға деген сұраныс кеміген емес. 2013 жылы PwC (PricewaterhouseCoopers) компаниясы және Куин Мэри Лондон университетімен (School of International Arbitration of Queen Mary University of London) бірігіп өткізілген әлемдік сауалнамадан көруге болады. Бұл сауалнаманың зерттеу пәні ретінде дауларды реттеу кезінде корпорациялардың дауларды реттеу механизмінің таңдауы болды. Соның нәтижесі бойынша құрылыс саласындағы дауларды реттеу үшін халықаралық арбитражға сұралғандардың 63 пайызы өз даусын берді [14].

Расында да, бекітілген халықаралық конвенциялардың арқасында мемлекеттерді контрактілік міндеттерін орындату бүгінгі таңдағы аса маңызды институттардың бірі. Өзінің имиджін көтеріп келе жатқан дамушы мемлекеттер үшін халықаралық коммерциялық арбитраждың шешімдерін егемендік иммунитетін қолдану арқылы орындаудан бас тарту мемлекетке саяси және экономикалық қарым-қатынастарда кері әсерін беруі мүмкін. Сондықтан Қазақстан үшін жоғарыда аталған құрылыс дауларын сатыларының барлығына жеке-жеке мұқият көңіл бөлу қажет. Сонда ғана мемлекет мүддесін халықаралық құқықтық аренада қорғау өзінің жемісті нәтижелерін береді.

Уақыт өте келе құрылыс даулары артпаса кемімейтіні хақ. Себебі, құрылыс әр мемлекеттің экономикасы үшін қажетті және өмірлік маңызы бар бағыттарының бірі. Дамушы, не Дамыған мемлекеттер болсын зор көлемді, инновациялық идеяларға толы, алдыңғы қатарлы технологиялармен қамтылған құрылыс объектілерін көтеру ешқашан өзінің өзектілігін жоғалпайтыны хақ.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 <http://fidic.org/about-fidic/federation/fidic-history>. Қаралды 13.02.15ж.
- 2 https://ru.wikipedia.org/Международная_федерация_инженеров_консультантов. Қаралды 14.02.15ж.
- 3 Dispute Resolution Mechanisms in Fidic Conditions of Contracts. Dilan De Silva. Published on December 13, 2010. <http://ru.scribd.com/>. Қаралды 14.02.15ж.
- 4 FIDIC 2010. Conditions of Contract for Construction MDB Harmonised Ed. June 2010 - General Conditions. <http://www.ebrd.com/downloads/procurement/project/mdbgcv3unprotected.pdf>. Қаралды 17.02.15ж.
- 5 Общая характеристика контрактов ФИДИК. Презентация. www.stpcp.pl.ru/. Қаралды 9.03.15ж.
- 6 Evolution of dispute resolution mechanism in international construction contracts. Basil O. Odigie./ <http://ciarbnigeria.org>. Қаралды 9.03.15ж.
- 7 FIDIC 2006. Conditions of Contract for Construction MDB Harmonised Ed. March 2006 - General Conditions. http://fidic.org/sites/default/files/cons_mdb_gc_v2_unprotected.pdf. Қаралды 25.02.15ж. FIDIC 1999. Conditions of Contract for Construction. For Building and Engineering Works designed by the Employer. First edition. General Conditions. <http://site.iugaza.edu.ps/kshaath/files/2010/12/FIDIC-1999-RED-BOOK.pdf>. Қаралды 25.02.15ж.

8 <http://fidic.org/books/construction-contract-mdb-harmonised-ed-version-2-march-2006-harmonised-red-book>. Қаралды 25.02.15ж.

9 Michelle Yap Shing Yee. PT Perusahaan Gas Negara (Persero) TBK vs. CRW Joint Operation. Singapore Law Reports. – Singapore, 2010.

10 «Нұр Отан» партиясының XVI съезі. 11.03.15ж. Н.Ә.Назарбаевтың ауызша сөйлеген сөзі.

11 Егеменді Қазақстан. 2010 жылғы мұрағат. Қоғамдық келісім – тұрақтылық кепілі <http://egemen.kz/old/2010/?p=21308>. Қаралды 15.03.15ж.

12 Mediation Guidance Notes. International Chamber of Commerce: Printed in France in November 2013 by Imprimerie Port Royal, Trappes (78). Designed by Further™.

13 Arbitration Rules. Mediation Rules. International Chamber of Commerce: Printed in France in November 2013 by Imprimerie Port Royal, Trappes (78). Designed by Further™.

14 Corporate choices in International Arbitration Industry perspectives. 2013 International Arbitration Survey. PwC: 2013, <http://www.arbitration.qmul.ac.uk/docs/123282.pdf>.

УДК 341.1/8

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДОГОВОР КАК ИСТОЧНИК МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА

Исаева Асем Амреевна

isaeva1707@inbox.ru

Студентка 2-го курса специальности «5В030200 – Международное право»
юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – магистр международного права, старший преподаватель
кафедры международного права юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
Куликпаева М.Ж.

Многообразие форм международного общения, в котором участвуют граждане и юридические лица, интернационализация гражданского оборота, расширение географии интеграционных процессов обуславливают потребность в совершенствовании институтов и механизмов международного частного права, их современном и надлежащем применении. Обращение к средствам международного частного права оказывается все более необходимым для целей предотвращения «столкновения» национального и иностранных законов, формирования гармонизированной и унифицированной юридической основы сотрудничества, усиления защиты прав и интересов участников международного гражданского обмена.

Международное частное право всегда чутко реагировало на перемены в государстве и обществе. Занимая рубежи, сближающие различные отрасли права, оно естественно, взаимодействует с ними. Не случайно и сегодня наиболее острые проблемы возникают на границах международного частного и других отраслей права - будь то правовое положение иностранцев, внешнеторговая деятельность, иностранные инвестиции, интеллектуальная собственность.

В своей основе система казахстанского международного частного права, предметом которого являются отношения гражданско-правового характера, возникающие в условиях международной жизни, близка системе отечественного права нормами особенной частью. Высокая степень обособления характеризует комплексность норм международного частного права, действующих в области торгового мореплавания, трудовых отношений.

Под источником права понимается форма, в которой выражается юридически обязательное правило поведения и которая придает этому правилу качество правовой нормы (например, конституция, подзаконные акты, к которым относятся указ, постановление или распоряжение компетентного органа государства, и т.д.). [1]